

«ХИМФАРМ» АҚ**СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ САЯСАТ**

	Т.А.Ә., лауазымы	Күні	Қолы
Мақұлданды	Ижи Урбанец Бас директор	29.10.2018 ж.	

Құжат тарихы

01 нұсқа	Күшін енгізу күні: <u>2019 жылғы «01» қаңтар</u>
----------	--

МАЗМҰНЫ

1.0	КІРІСПЕ ЖӘНЕ МАҚСАТЫ.....	3
2.0	ӨРЕКЕТ ЕТУ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ САЛАСЫ.....	3
3.0	ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЗАҢДАРДЫ САҚТАУ ЖӘНЕ БҰЗУ САЛДАРЫ	3
4.0	НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	4
5.0	СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҰҒЫМЫ.....	5
6.0	СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЕРЕЖЕЛЕР	6
7.0	МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ	6
8.0	ІСКЕР СЕРІКТЕСТЕРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ.....	8
9.0	КОМПАНИЯ АКТИВТЕРІН ТИІСТІ ТҮРДЕ ПАЙДАЛАНУ. БУХГАЛТЕРЛІК КІТАПТАР МЕН ЖАЗБАЛАР...	9
10.0	СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ӨРЕКЕТ ЕТУ ЖӨНІНДЕГІ САЯСАТТЫ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАЛАР.....	10
11.0	ЖАҒДАЙДЫ ТҮЗЕТУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР.....	10
12.0	КҮШІНЕ ЕНУ ЖӘНЕ САЯСАТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ.....	11

1.0 Кіріспе және мақсаты

«Химфарм» Акционерлік қоғамы (Santo, Member of Polpharma Group) (бұдан әрі **«Химфарм» АҚ**) немесе **«Компания»** деп аталады), ең жоғарғы этикалық стандарттарды сақтау мақсатына үнемі ұмтылатын әлеуметтік жауапты компания бола отырып, өз коммерциялық қызметін адал және таза жүргізу қағидасын ұстанады және кез-келген нысандағы жемқорлыққа жол бермей, қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтайды.

«Химфарм» АҚ жемқорлыққа «нөлдік шыдамдылық» (абсолютті қабылдамау) білдіреді. Компания, жұмыскерлері немесе оның «Қауымдастырылған тұлғасы» және «Мердігерлер» үшін (әрі қарай келтірілген анықтамаға сәйкес) кез-келген сыбайлас жемқорлық қызметіне қатысу немесе тарту тиісті емес. Этикалық мінез-құлықтың жоғары стандарттары мен қолданылатын заңдарды сақтау Компания қызметінің абыройы мен ұзақ мерзімді жетістігін қорғау үшін маңызды. Кез-келген қатысқан немесе Компаниямен байланысты жемқорлық оқиғалары оның абыройына нұқсан келтіруі мүмкін.

Жоғарыда аталғанға байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңдар мен ережелерді сақтауды қамтамасыз ететін бірқатар нормаларды белгілеу мақсатында, сонымен қатар «Химфарм» АҚ-де сақтау мәдениеті мен этикалық мінез-құлқын қолдау және дамыту үшін осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету жөніндегі саясат қабылданды. Осы Саясат Polpharma тобының Этика кодексіне және Компанияның басқа саясаттарына толықтыру үшін арналған.

Осы Саясат жергілікті заңнама немесе салалық нормалардан анағұрлым қатаң болса да қолданылуы тиіс минималды стандарттарды белгілейді. Жергілікті заңнама немесе салалық нормалар осы Саясаттан анағұрлым жоғары стандартты бекітіп, қатаң болған жағдайда немесе оның қолданылуын жоққа шығарса, жергілікті заңнама немесе салалық нормалар сақталуы тиіс.

Барлық деңгейдегі менеджерлер сыбайлас жемқорлықтың пайда болуына мүмкіндік болмайтын ұйымдастырушылық мәдениетті құруда басты рөл атқарады, ол әрқашан нысанына тәуелсіз қабылданбайтын құбылыс болып табылады. Басшы ретінде олар этикалық құндылықтар көзқарасынан мінез-құлық үлгісі болуы тиіс және этика немесе құқық көзқарасынан әрбір күмәнді жағдайда толық қолдауды қамтамасыз етуі тиіс.

2.0 Әрекет ету және қолдану саласы

Осы Саясат «Химфарм» АҚ мен оның құрылымдық бөлімшелерінің (тұрақты немесе уақытша) барлық қызметкерлерінің, сонымен қатар «Мердігерлердің» (олар тиісті шарттық міндеттемемен байланысты болса) және «Химфарм» АҚ «Қауымдастырылған тұлғалары» мен оның жұмыскерлерінің (осы Саясатта бірлесіп **«Біз»** немесе **«біз»** деп аталады) сақтауы мен қолдануына міндетті болып табылады.

Осы Саясат мақсаты үшін «Қауымдастырылған тұлғалар» ұғымы «Химфарм» АҚ атынан әрекет ететін кез-келген жеке немесе заңды тұлғаны (тиісті шарт бойынша немесе басқа жолмен) немесе «Химфарм» АҚ атынан кез-келген сапада кез-келген жұмысты немесе қызметті орындайтын тұлғаны білдіреді.

Осы Саясат мақсаттары үшін «Мердігерлер» ұғымы жұмыстар орындау немесе қызмет көрсетуге «Химфарм» АҚ-мен азаматтық-құқықтық сипатта шарт жасасқан кез-келген жеке немесе заңды тұлғаны білдіреді.

Осы Саясат Компания жемқорлық деп санайтын құбылыстардың анықтамасынан тұрады, сонымен қатар олардың қандай жағдайлар мен нысандарда көрінетінін көрсетеді. Сонымен қатар, жемқорлықты қалай жою керектігін және оның куәгері болып табылатын немесе басқа тұлғалардың белгілі бір іс-әрекеттері жемқорлық сипатында болуын болжайтын тұлға өзін қалай ұстауы керектігін көрсетеді.

3.0 Қолданылатын заңдарды сақтау және бұзу салдары

Этика кодексінде бекітілген қағидаларға сәйкес, қолданылатын заңнаманы қатаң сақтау Компания сенімділігі мен абыройының негізін құрады.

Сыбайлас жемқорлықтың кез-келген белгілері Компанияның көпшілікке танылған құндылықтары мен қағидаларына ғана емес, Қазақстан Республикасының заңнамасы мен халықаралық құқыққа қайшы келеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету үшін құқықтық негіз Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінде,

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінде, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» №410-V Заңында, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңында бейнеленген.

Заңнаманы немесе осы Саясатты бұзу Компания үшін де, барлық тартылған тұлғалар үшін де күрделі теріс салдарға әкеліп соқтыруы мүмкін. **Осыны есепке ала отырып, «Химфарм» АҚ жемқорлық деректеріне «нөлдік шыдамдылық» (абсолюттік қабылдамау) саясатын жүргізеді.**

«Химфарм» АҚ жұмыскерлері әрқашан осы Саясатты, сонымен қатар қолданылатын заңдар мен ережелерді сақтауы тиіс. Осы Саясатқа қарама-қайшы немесе заңсыз болып табылатын мінез-құлыққа қатысты тәртіптік шаралар қолданылады, соның ішінде қолданылатын еңбек заңнамасына сәйкес аса күрделі бұзушылықтар үшін еңбек шартын бұзу. Сонымен қатар, мұндай жұмыскерге қолданылатын заңнамаға сәйкес жауапкершіліктің басқа да шаралары қолданылуы мүмкін.

«Химфарм» АҚ өз «Мердігерлерінен» және «Қауымдастырылған тұлғаларынан» осы Саясаттың, барлық тиісті заңдар мен ережелерді, сонымен қатар этикалық мінез-құлықтың сақталуын күтеді. Компания үшін олардың кез-келген жемқорлық қызметіне қатысуы немесе тартылуы тиісті емес. Осы мақсатта, жемқорлыққа қарсы ережелер кез-келген «Мердігермен» және «Қауымдастырылған тұлғамен» шарттарда бейнеленуі тиіс, олар «Мердігердің» немесе «Қауымдастырылған тұлғаның» қолданылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, осы Саясат, сонымен қатар шарттың сыбайлас жемқорлыққа қарсы ережелерінің талаптарын бұзғаны жағдайында Компанияның шартты бұзу құқығын қарауы тиіс.

4.0 Негізгі терминдер мен анықтамалар

Келесі терминдер осы Саясатта келесідей түсіндірілуі тиіс:

«Іскер серіктестер» ұғымына кіреді:

- шикізат, өнім және жабдық жеткізушілері;
- Компания өнімінің дистрибьюторлары;
- Компанияға жұмыстар мен қызметтер ұсынатын заңды және жеке тұлғалар;
- зерттеулер жүргізу үшін Компания тартатын ұйымдар;
- құрылған бірлескен кәсіпорындар аясындағы серіктестер;
- қолданыстағы лицензиялық келісімдер аясындағы серіктестер;
- болашақ бірлескен жобалар аясындағы ықтимал серіктестер;
- «Химфарм» АҚ-мен коммерциялық негізде әрекеттесетін басқа тұлғалар мен ұйымдар, соның ішінде кез-келген түрдегі агенттіктер мен делдалдар (Мемлекеттік қызметкерлерге жатпайтын).

«Компания» «Химфарм» Акционерлік қоғамын білдіреді (Santo, Member of Polpharma Group);

«Этика кодексі» Polpharma тобының Этика кодексін білдіреді;

Осы Саясаттың мақсаттары үшін **«Мемлекеттік қызметшілер»** ұғымы келесіні кең айқындап, құрамына кіреді: • **жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам**, яғни мемлекеттік функцияларды және мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей орындау үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының конституциялық және өзге де заңдарында белгіленген лауазымды атқаратын адам, оның ішінде Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты, судья, сол сияқты Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік саяси лауазымды не "А" корпусының мемлекеттік өкімшілік лауазымын атқаратын адам;

• **лауазымды тұлға**, яғни тұрақты, уақытша немесе арнаулы уәкілеттік бойынша билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында ұйымдық-өкімдік немесе өкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам;

• **мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлға**, яғни Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте республикалық немесе жергілікті бюджеттерден, немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің қаражатынан өтелетін мемлекеттік орғандағы мемлекеттік лауазымдағы немесе мемлекет міндеттері мен қызметтерін жүзеге асыру мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді атқаратын мемлекеттік қызметші, мысалы, **«Алматы қаласының денсаулық сақтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрілігінің Фармация комитетінің қызметкерлері, мәслихат депутаттары**, сонымен қатар мемлекеттік қызметке тағайындалғанға дейін мемлекеттік лауазыммен қаралған уақытша міндет атқарушы адам;

¹Көрсетілген заңдар мен нормативтік актілерге түбегейлі өзгерістер енгізілуі мүмкін.

- мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамға теңестірілген тұлға, яғни жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланған адам; Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттардың депутаттығына, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару сайланбалы органының мүшелігіне кандидаттар ретінде тіркелген азамат; жергілікті өзін-өзі басқару органында тұрақты немесе уақытша жұмыс істейтін, еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджет қаражатынан жүргізілетін қызметші; мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен оның ведомстволарының қызметшілері;
- мемлекеттік билік органдарының атынан әрекет ететін немесе мүдделерін білдіретін жеке тұлғаларды, тіпті мұндай тұлғалар аталған органның немесе ұйымның қызметшілері болмаса да;
- мемлекеттік лауазым, саяси лауазым үміткерлерін;
- саяси партиялардың мүшелерін;
- шетелдік мемлекеттік органдардың және басқа шетелдік мекемелердің лауазымдық тұлғалары мен қызметкерлерін;
- жария халықаралық ұйымдардың, сонымен қатар олардың мамандандырылған ведомстволары мен органдарының бастықтары мен қызметкерлерін (БҰҰ, Дүниежүзілік банк, ЕО, ДСҰ, ЕурАзЭО және т.б.).

Қандай да бір тұлға Мемлекеттік қызметші болуы туралы күмән пайда болса, Қызметкерлерге әрқашан Заң және комплеанс мәселелері жөніндегі бөліммен кеңесу қажет.

«Заң және комплеанс мәселелері жөніндегі бөлім» «Химфарм» АҚ Алматы қ. Филиалының Заң және комплеанс мәселелері жөніндегі бөлімін білдіреді;

«Материалдық игіліктер» нақты нарықтық құны бар игіліктерді білдіреді. Оларға киім, ақша (қолма-қол, банкілік аударымдар), соның ішінде шетелдік валюта, құнды қағаздар, жұмыстар, қызметтер, сонымен қатар түрлі құндылықтар, сыйлықтар және басқа мүлік (қандай да құндылығы бар зат) жатады. Оларға сондай-ақ, білім беру қызметтерінің құны, көліктік шығындар, қонақ үйде тұру шығындары, қызметтер мен жұмыстардың басқа түрлері жатады;

«АЕК» жәрдемақылар мен басқа өлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұлдар, салықтар мен басқа төлемдер үшін қолданылатын айлық есептік көрсеткішті білдіреді;

«Материалдық емес игіліктер» пайда алушыға маңызы бар, бірақ ақшалай түрінде бағалануға мүлдем жатпайды. Мысалы, олар кәсіби жағдайдың жақсаруын білдіруі мүмкін, айтарлықтай, еңбек ақысының артуы немесе лауазымда өсу, немесе қызметкердің лауазымдық міндеттерінің көлемін қысқарту. Басқа мысалдарға имидж немесе кәсіби абыройды қолдау, сонымен қатар лоббилендірудің басқа нысандары жатады;

«Саясат» Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету жөніндегі осы саясатты білдіреді;

«Құрылымдық бөлімшелер» Қазақстан Республикасы аумағында немесе одан тыс «Химфарм» АҚ филиалдары мен өкілдіктерін білдіреді.

5.0 Сыбайлас жемқорлық ұғымы

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, **сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу.** Қарастырылатын игіліктер материалдық және материалдық емес сипатта болуы мүмкін. Мұндайда, мұндай игіліктердің сыртқы нысаны да, құны да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары ретінде мұндай әрекеттерді саралау үшін маңызы жоқ.

Сыбайлас жемқорлық кең мағынада басқа тұлғалар қабылдайтын шешімдерге, сол тұлғаларға тиісті емес игіліктер ұсыну немесе тапсыру арқылы әсер етуді білдіреді. Сыбайлас жемқорлық Компанияны және тартылған тұлғаларды сотта талқылау қаупіне, айыппұл салып, бас бостандығынан айыруға әкеліп соқтыруы, сонымен қатар Компания абыройына қауіп төндіруі мүмкін.

Сыбайлас жемқорлық түрлі нысанда болуы мүмкін. Көпшілік жағдайда сыбайлас жемқорлық «парақорлық» ұғымымен байланысты және көбінесе осы нысанда кездеседі. Парақорлық – алушының әрекетіне немесе мінез-құлқына тиісті түрде әсер ету мақсатында беруші тұлғаның құнды затты алуы, ұсынуы немесе тапсыруы.

5.1 МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРГЕ ПАРА БЕРУ

Сыбайлас жемқорлық әдетте мемлекеттік секторда біреу Мемлекеттік қызметші немесе мемлекеттік функцияны орындайтын басқа тұлғаның шешіміне ықпал етуге талпыну кезінде көрініс табады.

Қазақстандық заңнамаға сәйкес Мемлекеттік қызметшілерге пара беру қылмыс болып табылады және бас бостандығынан айыруға дейінгі салдарға әкеліп соқтырады.

5.2 КОММЕРЦИЯЛЫҚ ПАРАҒА САТЫП АЛУ

Мемлекеттік қызметшілерге пара беруге қосымша, қазақстандық заңнама жеке (мемлекеттік емес) тұлғалар мен ұйымдар арасында сыбайлас жемқорлық сипатындағы төлемдер мен басқа артықшылықтарды ұсынуға және қабылдауға тікелей тыйым салады.

Жеке секторда сыбайлас жемқорлық коммерциялық немесе басқа ұйымда басқару функциясын орындайтын тұлғаға тапсырыс алу немесе тиімді шартқа қол қою орнынан, немесе мұндай ұйым атынан Компания үшін тиімді шешім қабылдау орнына (мысалы, нарыққа бәсекелес өнімді енгізуді тоқтату туралы шешім) құқыққа қарсы игіліктер ұсыну тәрізді түрлі нысанда болады және түрлі әдістермен көрінеді. Қазақстандық заңнамаға сәйкес коммерциялық сатып алу қылмыс болып табылады және бас бостандығынан айыру жауапкершілігіне дейінгі ауыр салдарға әкеп соқтырады.

6.0 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ережелер

6.1 БІЗ ҮШІН КЕЗ-КЕЛГЕН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ҚАТЫСУҒА НЕМЕСЕ ТАРТЫЛУҒА ЖОЛ БЕРІЛМЕЙДІ

«Химфарм» АҚ-де жемқорлықтың қандай-да белгілері бар немесе жемқорлық болып қабылдануы мүмкін әрекеттерді жасауға тыйым салынған. Біз өзімізді және басқаларды сыбайлас жемқорлықпен байланысты тәуекелдерге ұшыратуға құқылы емеспіз. Біз сондай-ақ Компанияны жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін санкциялар мен айыппұлдарға немесе оның абыройына зиян келтіру тәуекеліне құқылы емеспіз.

Осыған байланысты, біз пара немесе тура немесе жанама түрде пара деп түсіндірілетін затты өтінуге, ұсынуға, беруге немесе жол беруге тиісті емеспіз. Біз ешқашан өз лауазымдық міндеттерімізді пара алуды күту немесе алу нәтижесінде тиісті емес түрде атқармауымыз қажет.

6.2 БІЗДІҢ ІШКІ ПАЙЫМЫМЫЗ

Осы Саясат біз өз міндеттерімізді атқарған кезде соқтығатын әрбір мәселеге жауап бермеуі мүмкін, алайда бұл біздің өз мінез-құлқымызды басқаруға көмектеседі. Күмән пайда болған жағдайда өзімізге үнемі келесі сұрақтарды қоюымыз қажет:

- мен осы шешімді қабылдау кезінде өзімді жайлы сезінемін бе?
- менің әрекетім/шешімім Этика кодексінде және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жөніндегі осы Саясатта баяндалған негізгі қағидаларға сәйкес келеді ме?
- менің әрекетім/шешімім кімге ықпал етеді, және оны өзіне қатысты адал деп есептейді ме?

Егер сіз сенімсіз болсаңыз, сізге бұл мәселені басшыңызбен талқылау қажет немесе Заң және комплеанс мәселелері жөніндегі бөлімге кеңестер үшін жүгіну қажет.

6.3 «СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚОРЛАРЫН» ҚҰРУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУҒА ТЫЙЫМ САЛУ

Аталмыш «сыбайлас жемқорлық қорларының», яғни осы Саясатқа немесе қолданылатын заңнамаға қайшы келетін мақсаттар үшін ақша қаражатын есепке алудың құпия есепшоты ретінде есепке алынбаған қорлардың құрылуына қатысуға тыйым салынады.

Үшінші тұлғалармен, соның ішінде жабдықтаушылар, агенттер мен іскер байланыстармен мәмілелерге қатысты барлық есепшоттар, шот-фактуралар және басқа құжаттар мен есептік жазбаларды операциялар мен шығындардың дұрыс сипаты мен көлемін көрсете отырып, толық көлемде және қатесіз қатаң құрастырып, жүргізген жөн. Тиісті емес төлемдерді жүзеге асыруды жасыру немесе көмектесу мақсатында ешқандай есепшоттар «есепсіз» жүргізілмеуі тиіс, бұл «Химфарм» АҚ-де бар тиімді ішкі бақылау мен механизмдерді тексеру жолымен қамтамасыз етілуі тиіс.

7.0 Мемлекеттік қызметшілермен өзара іс-қимыл

«Химфарм» АҚ Мемлекеттік қызметшілермен Компания қызметіне қатысты түрлі жағдайларда өзара іс-қимыл жасасады. Мұндай іс-қимылсыз жаңа өнімді, тауар белгілерін тіркеу немесе қолданылатын заңнамаға сәйкес фармацевтикалық салада қажетті рұқсаттар мен сертификаттарды алу мүмкін болмас еді.

Мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру үлкен жауапкершілікпен байланысты және сол себепті, объективтілік пен алаламаушылықты қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік функцияларды орындайтын тұлғаларға қатысты қатаң ережелер қабылданады.

7.1 МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРГЕ ҚАТЫСТЫ ПАРАҚОРЛЫҚҚА ТЫЙЫМ САЛУ

«Химфарм» АҚ парақорлықтың кез-келген түрін құптамайды. Тура немесе жанама пара ұсыну немесе қабылдау тиісті емес, этикалық емес және құқыққа қарсы.

Біз ешқашан мадақтау немесе тиісті мінез-құлыққа түрткі болу, қандай-да пайда көру үшін Мемлекеттік қызметшілердің кез-келген шешіміне ықпал ету мақсатында тура немесе жанама (үшінші тұлғалар арқылы) Мемлекеттік қызметшілерге кез-келген өлшемдегі қандай да сыйлық, төлем немесе кез-келген басқа игіліктер ұсынбауымыз, уәде бермеуіміз немесе бермеуіміз қажет.

Біз Мемлекеттік қызметшілермен тиісті емес өзара іс-қимыл жасау әсерін тудырмауымыз аса маңызды.

7.2 РЕСМИЛІКТІ ЖЕҢІЛДЕТУ ҮШІН СЫЙАҚЫ ТӨЛЕУГЕ ТЫЙЫМ САЛУ

Ресмилікті жеңілдету үшін сыйақы виза, рұқсат беру немесе кедендік ресімдеу және т.б. тәрізді, әдеттегі әрекетті немесе процедураны жеделдету үшін негізінен шағын сомада құқыққа қарсы төлемдерді білдіреді. «Химфарм» АҚ ресмилікті жеңілдету үшін сыйақыны осы Саясатқа қайшы келетін пара алушылық деп санайды. Бізге үшінші тұлғалар арқылы ресмилікті жеңілдету үшін тура немесе жанама сыйақы төлемеген жөн.

7.3 ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР

Қазақстандық заңнама тікелей Компания қызметкерлеріне немесе жанама агент, делдал, кеңесші, дистрибьютор немесе Компания үшін немесе атынан кез-келген басқа шеттегі өкіл арқылы (бірілесіп **«үшінші тұлғалар»** де аталатын) Мемлекеттік қызметшілерге сыбайлас жемқорлық төлемдерін жасауға тыйым салады. Оларға Компания атынан жұмыстар атқару үшін үшінші тұлғалар тартқан қосалқы мердігерлер немесе агенттер жатады.

Компания ешқашан Компания үшін немесе атынан Мемлекеттік қызметшілермен өзара іс-қимыл жасайтын үшінші тұлғалармен, мұндай үшінші тұлғалар туралы негізгі мәліметтер, сонымен қатар оның біліктілігі мен абыройын алдын-ала кешенді заңды тексерусіз, қандай-да қатынастарға түспеуі тиіс.

7.4 МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІК ОРГАНДАРЫМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Мемлекеттік биік органдарымен өзара іс-қимыл Компания қызметінің бір бөлігі болып табылады. Мемлекеттік қызметшілермен кездесулер, олардың сипатына қатысты кез-келген күдіктерді жоққа шығару үшін, ашық түрде өтуі қажет.

Жоғары шенді Мемлекеттік қызметкерлермен кездесулер куәгерлер мен бақылаушылардың қатысуынсыз оңаша өткізілмеуі тиіс.

Мемлекеттік қызметшілермен кездесулер мемлекеттік органдардың ғимараттары мен кеңселерінде өтуі қажет. Мемлекеттік қызметшілермен кездесулер тиісті мекеменің ғимараты немесе кеңсесінен тыс өткен жағдайда, біздің іскер қонақжайлылық белгілеріміз шектен шықпауын қадағалау қажет. «Химфарм» АҚ абыройынан айрылу тәуекеліне жол бермеу үшін, іскер қонақжайлылық белгілерінің сипаты мен құны әлеуметтік қолайлы іскер мінез-құлық аясында болуы қажет.

Мемлекеттік қызметшіге қандай да сыйлық немесе басқа материалдық және материалдық емес игіліктер ұсыну, немесе ол үшін немесе Мемлекеттік қызметші жанұясының мүшесі, жолдасы немесе әріптесі ретіндегі кез-келген тұлға үшін қандай да іс-шаралар ұйымдастыру жолымен (көлік пен тұрғылықты жерінің шығынын жабуды қоса) тура немесе жанама ықпал етуге тыйым салынады.

Белгілі бір жағдайларда, **Заң және комплеанс мәселелері жөніндегі бөлімнің алдын-ала құптауымен**, Мемлекеттік қызметшіге іскер қонақжайлылық белгілерін көрсетуге рұқсат етіледі, соның ішінде сыпайылық пен іскерлік этикетті көрсету мақсатында тамақтануға, көлікке және тұрғылықты жеріне орынды шығындарды жабу, немесе басқа іс-шаралар (мысалы, өнімді көрсету кезінде немесе Компания өнеркәсібіне Мемлекеттік қызметшінің келуі), **мұндай іскер қонақжайлылық белгілері болған жағдайда:**

- әлеуметтік іскер мінез-құлыққа, сонымен қатар қолданылатын заңдар мен ережелерге сәйкес келуі;
- үкіметтен қандай да жауап қолдаушылық немесе коммерциялық пайда көрі үшін келтірілмеуі;
- пара ретінде қаралмауы немесе Компанияны қандай да жолмен ыңғайсыз жағдайға қоймауы;
- алушының өтінімі немесе талабы болмауы;
- Мемлекеттік қызметші үшін міндеттемелер тудыру көрінісін тудырмауы;

- өлшеусіз және жөнсіз мөлшерде жиі ұсынылмауы;
- Компанияның бухгалтерлік есеп материалдарында шынайы құжаттамалық бекітілуі жағдайында («сыбайлас жемқорлық қорларын» құруға және пайдалануға тыйым салу 6.3 тарауын қара).

8.0 Іскер серіктестермен өзара іс-қимыл

Экономикалық қызметтің мәні іскер қарым-қатынастар орнату және сақтауда, сонымен қатар дамудың жаңа мүмкіндіктерін іздеуде болып табылады.

Біз өз Іскер серіктестерімізді құрметтейміз. Олармен қарым-қатынаста біз әрқашан жауапты және сенім артатын серіктес ретінде әрекет етеміз. Біз өзімізді де, Іскер серіктестерімізді де қандай-да коммерциялық паралаумен байланысты құқықтық немесе абыройлы тәуекелге төндіргіміз келмейді. Сондықтан Іскер серіктестермен қарым-қатынаста (Мемлекеттік қызметкерлерді білдірмейтін) біз игіліктер мен қонжайлылық белгілерін ұсыну және қабылдауға қатысты келесі ережелерді мүлтіксіз ұстанамыз.

8.1 КОММЕРЦИЯЛЫҚ ПАРАҒА САТЫП АЛУ НЕМЕСЕ «ПАРА БЕРУГЕ» ТЫЙЫМ САЛУ

Біз ешқашан өзімізге қандай-да пайда көру үшін Іскер серіктестердің тиісті емес мінез-құлқын мадақтау немесе итермелеу, кез-келген шешіміне ықпал ету мақсатында тура немесе жанама (үшінші тұлғалар арқылы) Іскер серіктестерге қандай-да сыйлықтар, төлемдер немесе басқа игіліктер (материалдық немесе материалдық емес) ұсынбауымыз қажет.

Біз кез келген параны бермеуге және қабылдамауға міндеттіміз. Әдетте шарт жасасуды қамтамасыз ету үшін жасалатын төлем ретіндегі коммерциялық пайда/артықшылық орнына коммерциялық ұйымдарға ұсынылатын төлемдер (немесе басқа материалдық және материалдық емес игіліктер) пара болып табылады.

8.2 ОЙЫН-САУЫҚ ІС-ШАРАЛАРЫ МЕН СЫЙЛЫҚТАРДЫ ҰСЫНУ

Іскер серіктестерге ойын-сауық іс-шараларын өтеу (мысалы, спорт және мәдениет іс-шараларына қатысу) және сыйлықтар ұсыну, егер кез-келген жағдайда және мұндай ұсыныстың құны қолданылатын заңнамаға сәйкес рұқсат етілген сомалардан аспаған кезде, заңды, қарапайым, орынды, саналы және негізді болса, рұқсат етіледі. Мұндай іс-шаралар мен сыйлықтарды ұсыну, мысалы ынтымақтастық бастау, іскер кездесу, ынтымақтастықтың маңызды кезеңін аяқтау, жобаны аяқтау, ресми мемлекеттік мейрамдар және т.б. жағдайында орынды. Ойын-сауық іс-шаралары мен сыйлықтардың орындылығы мұндай ұсыныстың түріне, құнына және себебіне тәуелді.

Іскер серіктестерге ойын-сауық іс-шараларын өтеу және сыйлықтар ұсынудың заңдылығына, орындылығына, саналығына және негізділігіне қатысты күмән пайда болса, жұмыскерлер әрқашан Заң және комплеанс мәселелері жөніндегі бөліммен кеңесуі қажет.

Кез-келген жағдайда біз ойын-сауық іс-шаралары мен сыйлықтарды ұсыну дерегін жасырмаймыз, сонымен қатар біз ойын-сауық іс-шаралары мен сыйлықтарды мұндай деректі жасыру әсерін тудыратын жолмен ұсынбаймыз. Біздің қызметте ашықтық (транспаренттілік) бастапқы орында.

8.3 ОЙЫН-САУЫҚ ІС-ШАРАЛАРЫ МЕН СЫЙЛЫҚТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

Біз ешқашан тиісті емес мінез-құлық, немесе Компания шешіміне ықпал ету үшін арналған пікір тудыру үшін сыйақы немесе мадақтау ретінде Іскер серіктестерден (тікелей немесе жанама) қандай-да сыйлық, төлем немесе басқа артықшылық сұрамауымыз, қабылдамауымыз, қабылдауға немесе алуға келіспеуіміз қажет.

Біз кез-келген жағдайда заңды, орташа, лайықты, ақылға қонымды және ақталуы мүмкін болса, ойын-сауық іс-шараларына төлемдер (мысалы, спорттық және мәдени іс-шараларға қатысу түрінде) мен Іскер серіктестеріміздің сыйлықтарын қабылдай аламыз және мұндай ұсыныс құны **2 (екі) АЕК-тен** аспауы тиіс. Мұндай іс-шаралар мен сыйлықтарды қабылдау, мысалы ынтымақтастықты бастау, іскер кездесу, ынтымақтастықтың маңызды кезеңін аяқтау, жобаны аяқтау, ресми мемлекеттік мейрамдар және т.б. жағдайында орынды. Ойын-сауық іс-шаралары мен сыйлықтардың орындылығы мұндай ұсыныстың түріне, құнына және себебіне тәуелді.

Заң және комплеанс мәселелері жөніндегі бөлім міндетті түрде Іскер серіктестерден құны **2 (екі) АЕК** артық кез-келген ойын-сауық іс-шаралары мен сыйлықтары туралы хабарландырады. Әдетте, мұндай ұсыныстан бас тартып, қайтару қажет.

Құны **2 (екі) АЕК** артық сыйлықтарды бастамашы бөлімше бастығы мен Заң және комплеанс мәселелері жөніндегі директор құптағаннан кейін және олардың Компания меншігі болып қалатыны жағдайында қабылдауға болады.

Кез-келген жағдайда ойын-сауық іс-шаралары мен сыйлықтарды қабылдау біздің әділдігімізге әсер етсе немесе Компания мүдделеріне қарсы әрекеттерге итермелесе, немесе теріс түсінік немесе этиканы бұзу мәселелеріне соқтырса, олардан бас тартуымыз қажет.

8.4 Ойын-сауық іс-шаралары мен сыйлықтарды қабылдау кезінде келесі мәселелерді ескеру қажет:

1) Тек іскерлік этикет белгісін көрсету пұғыл болады ма немесе мұндай ұсыныс нақты іскерлік ұсынысты қабылдау кезінде алушының әділдігіне әсер ете алады ма?

2) Олар қарапайым, орынды және сирек болып табылады ма?

Кез-келген жағдайда ойын-сауық іс-шараларын немесе сыйлықтарды ұсынуға немесе қабылдауға тыйым салынады, егер:

- заңнамамен немесе басқа тарап ұйымымен тыйым салынса;
- «қарсы қанағаттандыру» болып табылса (басқаның орнына ұсынылса, мысалы, компанияның мәмілесінен пайда көру үшін компания қызметкеріне (өкіліне) ақша ұсынатын жабдықтаушы);
- алушының өтінімі немесе талабы болса;
- ақша қаражаты немесе кез-келген нысандағы оның баламасы болса (түбіртектер немесе басқа бағалы құжаттар, сый карталары және т.б.);
- басқа жағдайда алушыға қол жетімсіз болатын тиімді ұсынысқа бағытталса;
- жеке сипаттағы қызметтер мен ұсыныстар болса.

Барлық рұқсат етілген сыйлықтар ашық ұсынылуы қажет, сонымен қатар белгілі бір жұмыскерден емес, «Химфарм» АҚ-нан шығуы қажет.

Іскер серіктестерден кез келген нәрсені қабылдаған кезде де мұқият болыңыз. Осы қағида Іскер серіктестеке қандай да құнды затты ұсыну кезінде де қолданылады. Егер сіз басқа тұлғаларға пара беру немесе алу қаупіне төнуіңізге қатысты күмәндансаңыз, бұл туралы өз басшыңызға немесе Заң және комплеанс мәселелері жөніндегі бөлімге хабарлаңыз.

8.5 ІСКЕР ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ

Қолданылатын заңнамаға сәйкес келуі жағдайында, ағымдық және болашақ ынтымақтастық мәселесі бойынша кездесу кезінде сыпайылық пен іскерлік этикетті көрсету мақсатында Іскер серіктестерге іскер қонақжайлылық белгілерін көрсетуге, сонымен қатар тамақтануға, көлікке және тұрғылықты жеріне орынды шығындарды өтеуге, немесе басқа іс-шараларға рұқсат етіледі. Кез-келген жағдайда біздің іскерлік қонақжайлық белгілеріміз шамадан тыс, орынсыз немесе тиісті емес ықпал ету ретінде қабылданбауына назар аудару қажет.

Тұру шығындарын өтеу кезінде ұсынылатын деңгей 4-жұлдызды қонақ үйлер болып табылады; қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында санаты төмен басқа қонақ үйлерде орын балмаған жағдайда немесе басқа саналы негізделген жағдайларда 5-жұлдызды қонақүй таңдауға рұқсат етіледі.

Ұшу шығындарын жабу кезінде, ұшу уақыты қондыру санына тәуелді 5 (бес) сағаттан кем болса, эконом класындағы әуе билеттерін сатып алу ұсынылады. Бизнес класымен ұшу туралы шешімді ұшу уақыты 5 (бес) сағат және одан артық болса қабылдау ұсынылады.

Біз қоғам теріс қабылдайтын, Іскер серіктестердің теріс реакциясын тудыратын немесе қандай-да жолмен «Химфарм» АҚ абыройын қауіпке төндіретін іскер қонақжайлық белгілерін көрсетуден алшақ ұстанамыз.

Егер сіз ұсынылатын іскер қонақжайлылық белгілерінің осы Саясатқа сәйкестігіне қобалжысаңыз, тікелей басшылықпен немесе Заң және комплеанс мәселелері жөніндегі бөліммен байланысыңыз.

9.0 Компания активтерін тиісті түрде пайдалану. Бухгалтерлік кітаптар мен жазбалар

Компания активтері мен қорларын (бірлесіп «**Активтер**» деп аталады) қандай да заңсыз, тиісті емес немесе этикалық емес мақсатта қолдануға тыйым салынады. Компания активтерін кез-келген тиісті емес қолданудан қорғау әр жұмыскердің міндеті болып табылады. Компания активтерін мақсатсыз қолданудағы кез-келген күдіктер жұмыскер басшысының немесе Заң және комплеанс мәселелері жөніндегі бөлімнің назарына жеткізілуі тиіс. Активтер Компания Жарғысында анықталған, сонымен қатар Этика кодексіне, Компанияның басқа саясаттары мен процедураларына сәйкес мақсаттар мен қызмет түрлеріне қолданылуы мүмкін. Активтермен операциялар құзырлы органдардың және/немесе Компанияның лауазымды тұлғаларының тиісті рұқсатымен жүзеге асырылуы тиіс.

Компания Компания активтерінің мәмілелері мен шеттеулерін нақты, дәл және әділ бейнелейтін бухгалтерлік кітаптарды, жазбалар мен есептерді жүргізуге міндетті. Компания келесілерде негізді сенімділікті қамтамасыз ету үшін жеткілікті ішкі бухгалтерлік бақылау жүйесін құрастырып, қолдауы тиіс:

1. операциялар басшылықтың жалпы немесе нақты рұқсатына сәйкес жүзеге асырылады;
2. операциялар қажет болған жағдайда есептерге қолданылатын бухгалтерлік есептіліктің жалпыға ортақ қағидаларға немесе кез-келген басқа критерийлерге сәйкес қаржылық есепті әзірлеуді қамтамасыз ету үшін, сонымен қатар Активтерді қолдану үшін есептілікті қамтамасыз ету мақсатында тіркеледі;
3. Активтерге рұқсат тек басшылықтың жалпы немесе нақты рұқсатына сәйкес беріледі; және
4. Активтер бойынша тіркелетін есептілік қолда бар Активтермен саналы уақыт аралығында салыстырылады және кез-келген ерекшеліктерге қатысты тиісті шаралар қабылданады.

10.0 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету жөніндегі саясатты бұзушылықтар туралы хабарламалар

Осы Саясатты бұзушылықтың куәгері болған немесе адал әрекет етіп, осы Саясаттың ережелері бұзылған деп санаған Компанияның кез-келген жұмыскері және осы Саясат қолданылатын кез-келген тұлға бұл туралы дереу өз басшысына және/немесе Заң және комплеанс мәселелері жөніндегі Директорға хабарлауы тиіс. Егер ол жеке әрекет немесе болжалды/қаралған әрекет/әрекетсіздік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы және осы Саясатты бұзушылық болуына сенімсіз болса, немесе осы Саясатқа қатысты кез-келген басқа мәселелер болған жағдайда, мұндай абыржулар туралы өз басшысына және/немесе Заң және комплеанс мәселелері жөніндегі Директорға хабарлауы қажет.

Заң және комплеанс мәселелері жөніндегі Директормен келесі әдіспен байланысуға болады:

- телефон арқылы: Тел.: +7 (7252) 61-01-55 *ішкі*. 2555;
- электрондық пошта арқылы: ethics@santo.kz;
- мекенжайға әдеттегі пошталық жолдама арқылы: Заң және комплеанс мәселелері жөніндегі Директор, Алматы қ. «Химфарм» АҚ филиалының мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 17/1, «Нұрлы Тау» КФО, 5 Б блогы, 19 қабат;
- жеке кездесу барысында.

«Химфарм» АҚ бұзушылықтар туралы хабарлайтын тұлғаларға әрқашан қамқорлық көрсетеді. Бұзушылықтар туралы хабарлаған тұлғалардың жеке мәліметтерінің құпиялылығы сақталатын болады және олардың уайым себептері объективті және толық көлемде қаралып, зерделенетін болады. Олар сонымен қатар қол жеткізілген нәтижелер бойынша кері байланыс алады.

«Химфарм» АҚ құқыққа қарсы мінез-құлыққа күдіктену туралы адал хабарламаларға қатысты қандай да жауап әрекеттерін жасауға қатаң тыйым салады. Компания осы Саясат бұзушылықтары туралы хабарлаушы тұлғаларды қудалауға тыйым салады. Мұндай мінез-құлық осы Саясатты бұзушылық болып табылады және қатаң тәртіптік мәселе ретінде қаралады.

Осы Саясат туралы хабарламау қолданылатын еңбек заңнамасына сәйкес еңбек шартын бұзуға дейін, тәртіптік жазалау мәні болып табылатын осы Саясатты бұзушылық болып табылады. **Сондықтан бізге ешқашан сыбайлас жемқорлық немесе пара алушылыққа қатысты қасақана елемеуге немесе «немқұрайлық танытпауға», немесе қандай да тиісті емес төлем немесе басқа заңсыз ықпал ету әдісі туралы хабарламауға жол бермеу қажет.**

11.0 Жағдайды түзету жөніндегі шаралар

Осы Саясаттың 10 тарауына сәйкес осы Саясатты болжалды бұзушылық туралы хабарлау кезінде тікелей басшы тиісті іскерлік тәжірибе мен қолданыстағы заңнамамен келісілетін жедел және тиісті шаралар қабылдауы тиіс. Егер болжалды бұзушылық заңнаманы бұзушылықпен немесе Компания үшін мәнді қызығушылық тудыратын мәселемен байланысты болса, басшы бұл туралы дереу Заң және комплеанс мәселелері жөніндегі Директорға хабарлауы тиіс. Заң және комплеанс мәселелері жөніндегі Директоры немесе Компанияның жоғарғы басшылығының басқа өкілі жағдайды бағалап, тиісті әрекет бағытын анықтауы тиіс.

Егер күдіктелетін бұзушылық қандай да директорды немесе Компанияның жоғарғы басшылығының басқа өкіліне қатысты болса, Заң және комплеанс мәселелері жөніндегі Директор болжалды бұзушылық туралы дереу Polpharma Тобының Шеф-Комплеансына хабарлауы тиіс.

Осы Саясатты бұзған кез-келген жұмыскерге қатысты тиісті тәртіптік шаралар қабылдануы мүмкін, соның ішінде Компанияның осы және басқа саясаттарына сәйкес, сонымен қатар қолданыстағы заңнамаға сәйкес

еңбек шартын бұзу. Тиісті емес мінез-құлығымен байқалған жұмыскерлерге қатысты тәртіптік шара қолдануға қосымша, Компания орындылығына қарай жұмыскер басшысына қатысты тәртіптік шаралар қолдануы мүмкін, егер ол осы жұмыскердің тиісті емес мінез-құлқын қолдаса немесе тапсырма берсе немесе мұндай әрекеттер туралы хабардар болып, түзетуге лайықты шаралар қабылдасамас.

«Мердігерлер» және/немесе «Қауымдастырылған тұлға» тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы немесе осы Саясат ережелерін бұзу деректерін анықтау жағдайында, жағдайды түзету бойынша дереу шаралар қабылдануы қажет. Бұл сәйкес тұлғамен шартты дереу бұзуды талап етеді.

Осы Саясатты бұзу жағдайында, бұзушылық осы Саясатқа және/немесе Компанияның басқа саясаттары мен процедураларына қатысты жағдайды түзету бойынша шаралар қабылдауды талап ететін жағдай болатынын анықтау үшін Компания жағдайды бағалауы тиіс. Мұндай түзету бойынша шараларға Компания қызметкерлерін қайта даярлау, осы Саясатқа және/немесе Компанияның басқа саясаттары мен процедураларына өзгерістер енгізу, сонымен қатар болашақта қайталану және тиісті емес мінез-құлық жағдайларын анықтау үшін қажетті басқа әрекеттер жатады. Мұндай түзету бойынша шаралар тиісті құжаттарда тиісті түрде бекітілуі тиіс.

12.0 Күшіне ену және Саясатқа өзгерістер енгізу

Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету жөніндегі саясат «Химфарм» АҚ ішкі актісі болып табылады және 01.01.2019 ж. бастап күшіне енеді. Осы Саясатқа кез-келген өзгерісті Бас Директор бекітуі тиіс. Саясат уақыт өте келе қайта қарауға және тексеруге жатады, осы мақсатта барлық мүдделі тұлғалардың бірлесіп күш-жігер танытуы қажет болады.

Құжаттың соңы.